



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 5 (856) 6 ақпан 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi | https://vk.com/Magzhan zhuldizi | e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

С МЕРЕЙТОЙ

«ГАЗЕТА «ВЕСТИ» ЖШС ДИРЕКТОРЫ НЕЛЯ ГОНЧАРҒА - «АУДАНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫ БЕРІЛДІ

Аудан активі қатысқан салтанатты жиында аудан басшысы ашып, мерейтой иесіне лайықты құрмет көрсетті.

- Құрметті Неля Федоровна! Сіздің мерейтойыңызға орай, аудан активінің шын жүректен құттықтауын қабыл алыңыз. Бұл Сіздің ауданға сіңірген еңбегіңіздің жарқын әрі сенімді айғағы, мемлекет пен қоғамның аудандық газеттердің дамуына қосқан үлесіңізді мойындауы, - деп атап өтті Рахат Смағұлов.

Неля Гончар - ҚазКСР еңбек ардагері және ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. 1989 жылдан бастап биыл 15 наурызда 95 жыл толатын «Вести» газетінің бас редакторы.

Неля Федоровна Петропавл қаласында 1945 жылы 31 қаңтарда қарапайым отбасында дүниеге келген. Мектептен кейін Константин Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институтын «орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Писаревка орта мектебінде мұғалім болып бастаған. Ал 1971-1979 жылдары № 1 Булаев орта мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды, осы аралықта ол өзін дарынды ұйымдастырушы және ұлағатты ұстаз ретінде танытты.

1980-1989 жылдар аралығында саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі және аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Осылайша, ол ауданның білім беру және мәдени өмірін дамытуға елеулі үлес қосты.

1989 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Неля Федоровна «Вести» газетінің бас редакторы болып табылады.

«Вести» газеті - Солтүстік Қазақстан облысының аудандық газеттерінің ішіндегі ең көнесі. 2025 жылдың 15 наурызында бұл мерзімді басылымға 95 жыл толады. Осыған орай, Рахат Назымбекұлы газет мерейтойын да тілге тиек етіп, оның бүгінгі



31 қаңтар күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Рахат Смағұловтың қатысуымен «Газета «Вести» ЖШС директоры, бас редакторы Неля Федоровна Гончардың туғанына 80 жыл толуына орай салтанатты іс-шара болып өтті.

жеткен жетістіктерін атап өтті.

- Бүгінгі таңда «Вести «газеті» ЖШС

айтарлықтай жетістіктерге жеткен ұжым. Мәселен, «Вести» және «Магжан

жұлдызы» аудандық басылымдары ауданның ақпараттық кеңістігінде лайықты орнын алды. Газет беттерінде аудан өмірінен өзекті жаңалықтар жарияланып, жас ұрпақты тәрбиелеу, ауданның тарихы мен мәдениеті мәселелеріне көп көңіл бөлінеді, сондай-ақ жергілікті авторлардың шығармашылық бастамаларына қолдау көрсетіледі.

Аудандық газеттер - мемлекет пен қоғам арасындағы жолсерік болып, барлық мемлекеттік бағдарламалар жарияланып тұрады.

Сондықтан ауданның игілігі үшін Сіздің жаңжыярлық еңбегіңіз барған сайын маңызды табыстар мен жарқын жеңістер әкелсін.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық және аудан үшін жасал жатқан қызметіңізде жаңа табыстар тілеймін, - деді аудан әкімі.

Жиналған жұртшылықтың қошеметімен Рахат Смағұлов мерейтой иесі Неля Гончарға ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің «Еңбек ардагері» медалін, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың құттықтау хатын, облыс әкімі Гауез Нурмұхамбетовтың Құрмет грамотасын табыс етті.

Сондай-ақ бұл күні Неля Федоровнаға аудандық мәслихатының шешімімен «Магжан Жұмбаев ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Іс-шара барысында көп жыл бойы бірге еңбек етіп келе жатқан мағжандық мерейтой иесіне ізгі тілектерін айтып, сыйсияптарын жасады.

Жыны соңында мерейтой иесі аудан басшылығына, үзеңгілес болған қызметтестеріне, бүгін егеменді елдің дамуына үлес қосып жатқан әкімдер мен басыларға алғысын айтып, барша газет оқырмандарына ризашылығын білдірді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АЛҚА ОТЫРЫСЫ

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ



Алғашқы болып білім бөлімінің 2024 жылғы қызметінің қорытындылары және 2025 жылға арналған жоспарлары туралы білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев баяндама жасады.

Соңғы жылдары білім беру жүйесін жаңғыртуға, сондай-ақ оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге және педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Алайда, қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, назар аударуды және жан-жақты көзқарасты қажет ететін бірқатар мәселелер бар.

Булаев қаласы бойынша мектепке дейінгі орындардың тапшылығы бар. Бұл мәселені шешу үшін 2025 жылы 120 орындық

Өткен аптада аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аудандық білім бөлімінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Жиынға педагогикалық еңбек ардагерлері, бөлім басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері, мектеп директорлары, қосымша және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

балабақша салу қажет. Ағымдағы кезеңде жеке инвестициялар есебінен құрылысқа ЖСҚ өзірленеді.

Жыл сайын ауданның білім алушылар контингентінің және жалпы балалар санының азаю үрдісі сақталуда, бұл халықтың көшіп кетуінен туындап отыр. Қазіргі уақытта 19 (49%) мектеп білім беру ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативіне сәйкес келмейді. 2025 жылы Молодежний бастауыш мектебін жабу, Молодогвардейское орта мектебін орталауға, Ганькино, Колос, Лебяжье,

Майбалық, Хлебобоб білім беру ұйымдарын қайта құру жоспарлануда.

Бүгінгі таңда білім беру мекемелері жоқ немесе тиісті мектептері жоқ ауылдарда тұратын білім алушылар үшін оқу орнына күнделікті жеткізу ұйымдастырылған. 2025 жылы оқушыларды тасымалдау үшін тағы екі шағын автобус сатып алу жоспарлануда.

2025 жылы жаңарту аясында «Булаев мектеп-бөбекжай кешені» КММ күрделі жөндеуден өтеді. Бұл мектеп пәндік кабинеттермен, мектеп жиназдарымен, асхана

жабдықтарымен жабдықталатын болады. 2026 жылы жаңарту жобасына Қарағанды ОМ және №2 Булаев ОМ, 2027 жылға Возвышен ОМ және Совет ОМ жоспарға енгізілді.

«Кәсіптік даярлық және қызметі көрсету колледжі» КММ директоры Ермек Бекіров жұмысын мамандықтар жылы аясындағы қызметінің қорытындылары мен жоспарлары туралы ой бөліссе, Возвышенка орта мектебінің директоры Айгүл Мұқанова нысаналы мектеп республикалық жобасының жұмысы туралы айтып берді.

Алқа отырысын қорытындылаған аудан әкімі тиісті сала басшыларына білім беруді дамыту бойынша ауқымды міндеттер жүктеді.

2025 жылғы 5 ақпан № 3/1 Булаев қаласы

**2025 ЖЫЛҒЫ 16 НАУРЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН,
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ
БӘЙТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ
САЙЛАУЫ БОЙЫНША САЙЛАУ ОКРУГІН
ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабы 6) тармақшасына, 21 бабы 4 тармағына, 22 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша Бәйтерек ауылдық округі шекараларында - Бәйтерек сайлау округі құрылсын.
2. Шекаралары көрсетіле отырып сайлау округі және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері туралы Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Вести», «Мағжан жұлдызы» газеттерінде жариялансын.

Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы **Ю. Портнягин**

2025 жылғы 5 ақпан № 3/2 Булаев қаласы

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ БӘЙТЕРЕК ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН
2025 ЖЫЛҒЫ 16 НАУРЫЗ ТАҒАЙЫНДАУ
ТУРАЛЫ**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1 бабы 1 тармағына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мағжан Жұмабаев ауданында 2025 жылғы 16 наурыз Бәйтерек ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.
2. Осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес 2025 жылғы 16 наурызға тағайындалған Мағжан Жұмабаев ауданының Бәйтерек ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.
3. Осы қаулы Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында және аудандық «Вести», «Мағжан жұлдызы» газеттерінде жариялансын.

Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы **Ю. Портнягин**

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ БӘЙТЕРЕК ӘКІМІНІҢ САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ
ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАМАСЫ**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

№ р/н	Аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефондары, факстары	Аудандық сайлау комиссиясының құрамы
1	150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ коммуналдық меншігіндегі әкімшілік ғимараты	Коды 8-715-31; тел./факс: 2-12-33,	Төрағасы - Портнягин Юрий Анатольевич; Төраға орынбасары - Шайкенов Данияр Балғабайұлы; Хатшысы – Низамова Анастасия Ивановна; Комиссия мүшелері - Ахметова Ұлмекен Шаймуранқызы, Бекішева Сандұғаш Оразалықызы, Махметова Кристина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылықызы

Мағжан Жұмабаев ауданы сайлау комиссиясының төрағасы **Ю. Портнягин**

**УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ
КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ
ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ,
ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ,
СОНДАЙ-АҚ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ
ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмері	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Сайлау учаскесі шекарасының сипаттамасы	Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы (алфавиттік тәртіпте)
Мағжан Жұмабаев ауданы				
	№ 252	Бәйтерек а., Молодежная к. 16, орта мектеп ғимараты	Бәйтерек а., Рязкино а.	Төраға – Родимов Валерий Николаевич; төрағаның орынбасары – Байманов Арғын Сәрсенбайұлы; комиссия хатшысы – Червонок Евгения Васильевна; комиссия мүшелері - Захарова Валентина Ивановна, Попова Наталья Николаевна.
	№ 253	Береке а., 1 к., 14, медициналық пункт ғимараты	Береке а.	Төрайым – Расқұлова Ғалия Смайлқызы; төрайымның орынбасары – Вейс Тамара Николаевна; комиссия хатшысы – Расқұлова Меруерт Бауыржанқызы; комиссия мүшелері - Байқуанышев Самат Беркінұлы, Тұңғатова Наталья Мұратқызы.
	№ 254	Новотроицкое а., Центральная к., 34, орталау мектеп ғимараты	Новотроицкое а.	Төраға – Бородихин Борис Дмитриевич; төрағаның орынбасары – Никитина Елена Александровна; комиссия хатшысы – Михель Татьяна Валерьевна; комиссия мүшелері - Мысько Людмила Борисовна, Савченко Ирина Викторовна.

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ
БӘЙТЕРЕК САЙЛАУ ОКРУГІН
ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫН
КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАМАСЫ**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 22 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек сайлау округін құру және олардың шекаралары туралы хабарлайды:

№ р/н	Ауылдық сайлау округінің атауы	Сайлау округі	Сайлау округі шекарасының сипаттамасы
1	Бәйтерек ауылдық округі	Бәйтерек сайлау округі	Бәйтерек ауылы, Рязкино ауылы, Береке ауылы, Новотроицкое ауылы

Мағжан Жұмабаев ауданы сайлау комиссиясының төрағасы **Ю. Портнягин**

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ БӘЙТЕРЕК ӘКІМІНІҢ САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ
ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАМАСЫ**

2025 жылдың 5 ақпанында аудандық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда келесі мәселелер қаралды:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округін құру туралы.

2. 2025 жылғы 16 наурызға Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу бойынша күнтізбелік негізгі іс-шаралар жоспары туралы (Жарияланған мекенжай: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/documents/details/792882?lang=kk>).
Басқа да сұрақтар қаралды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды. «Қазақстан Республикасындағы

сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып сайлану үшін Сайлау туралы Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2 бабында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкіміне кандидат бола алмайды:

– заңда белгіленген тәртіппен алынбаған немесе алынбаған соттылығы бар адам;

– сыйбйлас жемқорлық қылмыс немесе сыйбйлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсі заңда белгіленген тәртіппен сотпен танылған адам.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР заңына сәйкес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі Қазақстан Республикасының жиырма бес жасқа толған азаматтары арасынан жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқымен төрт жылдық мерзімдегі қызметке сайланады.

Сондай-ақ әкімдікке кандидатқа мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген талаптар:

– азаматтық мемлекеттік қызметке қабылдауға болмайтын талап;
– үміткердің осы лауазымға (Е-Р-1 санат) қойылатын біліктілік талаптары-

на сәйкестігі туралы талап.
Әкімдерге кандидаттар келесі тәсілдермен ұсынылуы мүмкін:

– өз мүшелерінің арасынан белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар. Бұл ретте саяси партия бір сайлау округі бойынша бір ғана кандидатты ұсынуға құқылы;

өзін-өзі ұсыну жолымен тиісті сайлау округі бойынша дауыс беруге құқығы бар сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1% қолдауымен.

Егер ұсыну мерзімі аяқталған күні аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне екіден аз кандидат ұсынылса, онда округтік сайлау комиссиясы кандидаттар ұсыну мерзімін үш күннен кем емес мерзімге ұзартады.

Бұл ретте аудан әкімі ұсынылған кандидаттар болмаған немесе ұсыну мерзімі аяқталған күні бір кандидатты ұсынған жағдайда, тиісінше екі немесе бір кандидатты ұсынуға құқылы.

Бір үміткер бір ғана сайлау округіне кандидат ретінде ұсынылады.

Аудандық сайлау комиссиясы.



ВОЗВЫШЕНКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ КОМАНДАСЫ - АУДАНДЫҚ ҚЫСҚЫ СПОРТ МЕРЕКЕСІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Ақпанның 2-ші жұлдызында Алтын дән ауылдық округінің Советское ауылында «Солтүстік – 2025» аудандық қысқы спорт мерекесі өтті. Оған Булаев қаласы мен барлық ауылдық округтердің командалары қатысты.

Мерекенің ашылу салтанаты биыл жергілікті бюджет есебінен салынған жаңа хоккей алаңында ұйымдастырылып, аудан әкімі Рахат Смағұлов спортшыларды қысқы ойындардың ашылуымен құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

Құрметті спорт мерекесіне қатысушылар!

Сіздерді «Солтүстік - 2025» қысқы спорт мерекесінің ашылу салтанатымен құттықтаймын!

Дене шынықтыру және спорттың дамуы мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Ауданда халықты спортқа тарту мақсатында көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр: стадиондар жөнделіп, хоккей қораптары және балалар спорт алаңдары салынып жатыр. Көптеген мажандықтар үшін спортпен айналысу дәстүрге айналды, оны біздің ауданымызда өтетін көптеген әр түрлі жарыстар мен чемпионаттар дәлелдейді.

Ауыл еңбеккерлері - мемлекетіміздің тірегі болып табылады. Ал ауылдағы спорт - бұл күш-қуат, жаңа жеңістерге апаратын қозғалыс. Ауыл жастарынан республикалық және халықаралық жарыстарда ауданымыздың намысын абыроймен қорғап жүрген спортшылар бар. Олар туралы айтылып та, жазылып жатыр. Мәселен, қысқы спорт ойындарында Подмогильный Василий Иванович, Тарабарин Александр Павлович, Скрипникова Надежда Николаевна сияқты ардагер спортшылар, бүгін жас шөкірттер тәрбиелеуде, ал Калининко Михаил мен Нұралина Жанель сынды жас спортшылар қысқы спорт түрлерінен айтулы жетістікке жетіп келе жатқан жас үміттер.

Бүгін біздің ауданда 173 спорт гимараты бар. Соңғы жылдары ауданда жаңа спорт нысандары, ондаған шағын футбол алаңдары мен әмбебап ойын алаңдары салынды. Ауданда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде 11 мыңнан астам адам айналысып келеді. Ауданның құрама командалары мен спортшылары шайбалы хоккей, шаңғы жарысы, футбол, гир спорты, күрес, футбол және баскетболдан облыстық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылады.

Мәселен, «Солтүстік – 2025» облыстық қысқы спорт мерекесі бағдарламасы аясында ауданымыздың командасы допты хоккейден (Ринг-бенди) чемпион атанды. Қысқы спорт мерекесінің салтанатты ашылу күнінде біз спорт саласының барлық қызметкерлеріне - жаттықтырушылар мен тәлімгерлерге шынайы алғыс айтамын. Сондай-ақ аудан тұрғындарының арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ауданда дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша көпжылдық жұмысы мен орасан үлестері үшін барлық спорт активіне алғыс білдіремін.

Құрметті жарысқа қатысушылар!

Бүгінгі жарыстың жеңімпаздары алдағы облыстық жарыстарда өнер көрсетіп, аудан намысын қорғайды. Осыған орай, ауданның құрама командасы облыстық жарыстарда лайықты өнер көрсету үшін бар күш-жігерін салатынына сенімдімін. Аудан спортшыларына алған қарқынды одан әрі жетілдіріп, биылғы жылы қомақты жетістіктерге жетуіне тілектеспін.

Қымбатты достар!

Бүгінгі спорт мерекесіне қатысып отырған барша спортшыларға сәттілік, жаңа табыстар, адал тартыстар, ал жанкүйерлерге жарқын әсерлер тілеймін, - деп Рахат Назымбекұлы Алтын дән ауылдық округінің жастарына 20 жуп коньки сыйлады.

Ашылу салтанатында «Советское» хоккей клубының жас тәрбиеленушілері өнер көрсетіп, аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары ән салса, «Ханшайым» би ұжымы флешмоб ұйымдастырды. Ойындарды тамашалауға жиналған жанкүйерлер тартыс жарыстардың күесі болып, естен кетпес әсер алды.

Сондай-ақ, бұл күні халыққа қауап мен кондитерлік өнімдердің мерекелік саудасы ұйымдастырылып, барлығына ыстық шай ұсынылды. Ұйымдастырушылар барлық жағынан дайындалғаны көрініп-ақ тұрды.

18 қалмаңа бақ сынасқан жарыста ауыл спортшылары хоккей, футбол, шорт-трек және шаңғы жарысы бойынша өнер көрсетті. Шаңғы жарысы Советское ауылына кіре-берісте арнайы жасалған шаңғы алаңында өткізілсе, футбол бойынша жарыс мектептің спорт залында ұйымдастырылды. Ал шайбалы хоккей мен шорт-трек сайыстары жаңадан салынған хоккей алаңында өтті.

Таңертеңнен кешке дейін жалғасқан ойындар қызықты әрі тартысты өтіп, жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Возвышенка ауылдық округінің командасы «Солтүстік – 2025» аудандық қысқы спорт мерекесінің жеңімпазы атанды. Алтын дән ауылдық округінің спортшылары 2-ші орынды еншілесе, Қарақоға ауылдық округінің ұжымы 3-ші орынды иеленді.

Әр жарыстың нәтижелерін төменде ұсынамыз:

- Шайбалы хоккей**
1 орын - Бастомар ауылдық округі
2 орын - Қарақоға ауылдық округі
3 орын - Возвышенка ауылдық округі

- Шорт-трек**
1 орын - Алтын дән ауылдық округі
2 орын - Возвышенка ауылдық округі
3 орын - Булаев қаласы

- Шаңғы жарысы**
1 орын - Булаев қаласы
2 орын - Бөйтерек ауылдық округі
3 орын - Аққайың ауылдық округі

- Қысқы Президенттік көпсайыс**
1 орын - Возвышенка ауылдық округі
2 орын - Булаев қаласы
3 орын - Алтын дән ауылдық округі

- Футзал**
1 орын - Қарақоға ауылдық округі
2 орын - Чистов ауылдық округі
3 орын - Булаев қаласы

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін салтанатты түрде марапаттау рәсімі ауылдық Мәдениет үйінде өтіп, аудан әкімінің орынбасары Азамат Шеріпов жеңіске жеткен командаларды ақшалай сертификаттармен, кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапаттады.



КАСІБИ БАҒДАР

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ – БҰЛ БЕДЕЛДІ ЖӘНЕ ҚҰРМЕТТІ МАМАНДЫҚ!



Іс-шара ғимарат дәлізінен басталып, онда 400-ден астам жоғары сынып оқушылары құқық қорғау органдарының қару-жарағымен, арнайы жабдықтарымен, техникалық құрылғыларымен танысуға және полицияның бүгінгі күнгі батырларымен кездесуге мүмкіндік алды. Сондай-ақ жиналғандар полиция қызметіне арналған стендтерді тамашалап, қажетті ақпарат алды.

Жиынды ашқан СҚО полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Абылғазы Ғабдуллин залда отырған ұлдар мен қыздарға ҚР ИІМ оқу орындарына оқуға түсу және полицияға қызметке орналасу тәртібі туралы айтып

31 қаңтар күні аудандық Мәдениет үйінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу аясында СҚО полиция департаментінің өкілдері Мағжан Жұмабаев ауданының мектептерінде оқитын жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

берді.

Сонымен бірге, өткен жылы су тасқынында адамдарды құтқарғаны үшін «Ерлігі үшін» мемлекеттік наградасын алған ушакелік инспектордың көмекшісі Ақыл Байтөңіз, кикбоксингтен Әлем чемпионы, жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың қызметкері Нұрсұлтан Жақыпов және қызметте жоғары жетістіктерге қол жеткізген басқа да полиция қызметкерлері балаларға қызметтері

туралы, олардың жасында өмір жолын қалай таңдағаны туралы айтып берді.

Сондай-ақ балалар бірқатар полиция қызметкерлері мен ардагерлерін марапаттау рәсіміне күйе болды. Заң мен тәртіпті сақтау барысында қызметте ерекшеленген жас полицейлердің ата-аналары облыстық полиция департаментінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Іс-шарада арнайы жасақтың офицерлері

қоян-қолтық ұрыстың әдістерін көрсетті, ал СҚО ПД мәдени орталығының вокалдық тобы әннен шашу шашты.

Бүгінде ішкі істер органдарына жедел уәкіл, тергеуші, анықтаушы, ушакелік полиция инспекторы, қатардағы құрамның бос лауазымдарына білікті мамандар қажет.

Полицияға жұмысқа орналасудың барлық мәселелері бойынша азаматтар тұрғылықты мекенжайы бойынша орналасқан полиция бөліміне, Петропавл қ., Алматы көшесі, 55 мекенжайындағы СҚО ПД тәрбие және кадр жұмысы басқармасына жүгінуге не болмаса аталмыш басқарманың 8 (7152) 612-612 телефоны бойынша хабарласуға болады.

СЕМИНАР

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Семинарға аудан әкімінің орынбасары Азамат Шеріпов, СҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары Төлеген Омаров, облыстың ішкі мемлекеттік аудит департаментінің камералдық бақылау бөлімінің басшысы Александр Еремеев қатысып, сөз сөйледі.

«Сұрақ-жауап» форматында өткен семинарға бөлім басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері, бухгалтерлер және жергілікті атқарушы органдардың, ауылдық округтердің мамандары және ауданның мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысы қатысты.

Президент тапсырмасы бойынша мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру шеңберінде елімізде 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заң әзірленді. Құжат тендер өткізу рәсімдерін оңтайландыруға, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, сондай-ақ отандық өндірушілерді

4 ақпан күні аудан әкімдігінің отырыс залында «Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға өзгерістер енгізу» және «Жүргізіліп жатқан камералдық бақылау шеңберінде мемлекеттік сатып алу бойынша жиі жіберілетін бұзушылықтарды талдау» мәселелері бойынша семинар өтті.



қолдауға бағытталған, - деді Төлеген Омаров.

Семинар барысында бюджет қаражатын пайдалану кезінде заңнамалық нормаларды іс жүзінде қолдану, мемлекеттік сатып алуды өткізу, әкімшілік практика мәселелері талқыланды.

Спикерлер мемлекеттік сатып

алуды жүзеге асыру кезінде туындауы мүмкін сауалдар бойынша түсініктеме беріп, қойған сұрақтарға толық жауап берді.

Облыстан келген спикерлер аудан мамандарын мемлекеттік сатып алу кезінде мұқият болуға және заңнамаға сәйкес әрекет етуге шақырды.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Мағжан Жұмабаев ауданының «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінің (бұдан әрі - Газеттер) меншік иесі «Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2025 жылдың 16 наурызына тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бейтерек ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарды орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабарлар етеді.

ГАЗЕТТЕРДІҢ БАСПА АЛАҢДАРЫН ҰСЫНУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынуы Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бейтерек ауылдық округінің әкіміне тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыруға баспа алаңын ұсыну туралы Серіктестікпен (газеттердің меншік иесімен) жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады.

Шарттың нысаны және оған ілеспе құжаттар жазбаша өтініш берген кезде ұсынылады. Кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттермен баспа алаңдарын ұсыну туралы шартқа қол қою кандидатын (сенім білдірілген адамның) газеттерден сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады. Мұндай шартты жасасу үшін кандидат Газет иесіне мынадай ақпаратты көрсете отырып жазбаша өтініш береді:

- жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- жазбаша өтініш берген кандидатының Т.А.Ә., сенім білдірілген тұлғаның Т.А.Ә.;
- адамның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжат;

- кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидатын (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;

- баспа алаңының жоспарланған көлемін және оны ұсыну уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;

- кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді Газеттер 2025 жылғы 24 ақпаннан 12 наурызға дейін қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы мәліметтер болуға тиіс.


БАСПА АЛАҢДАРЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынғаны үшін төлем мөлшері Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкіміне кандидаттарға баспа алаңын ұсынуға арналған прайс-параққа сәйкес айқындалады және 1 (бір) шаршы метр үшін 160,00 (жүз алпыс) теңгені құрайды.

Баспа алаңдарын ұсынғаны үшін төлем сомасы тиісті сайлау қорымен алдын ала жүз пайыз төлем тәртібінмен аударылуға тиіс. Алдын ала төлем Серіктестік қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

Төлем серіктестіктің тиісті шартта көрсетілген банктік деректемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Неяла ГОНЧАР,
«Газета «Вести» ЖШС директоры.



Дүйсенбі, 10 ақпан	Сейсенбі, 11 ақпан	Сәрсенбі, 12 ақпан	Бейсенбі, 13 ақпан	Жұма, 14 ақпан	Сенбі, 15 ақпан	Жексенбі, 16 ақпан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАNSHOLPAN». 07.55 ІХ ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙ- ЫНДАРЫ. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.40 ТАТУ -ТӨТТІ. 13.45 TED. 14.10 АПТА. 14.45 ДАЛА ДӘМІ. 15.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 01.40 САНА. 04.05 АҒЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.55 ІХ ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ. 09.00 «ТАNSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.30 ЖОШЫ ҰЛЫСЫ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.50 АҒЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.55 ІХ ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ. 09.00 «ТАNSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 БАС ТАҚЫРЫП. 14.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.50 АҒЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.55 ІХ ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ. 09.00 «ТАNSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 БАС ТАҚЫРЫП. 14.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.50 АҒЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10, 03.30 ТЕЛЕДӨРГЕР. 14.45 АРНАЙЫ ЖОБА. 15.00 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.15 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.05 «САНА». 04.00 АҒЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.20 АҒЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 00.00 АҚПАРАТ. 07.00, 15.00, 01.45 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.00 М/Ф. 13.45, 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 15.50 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 17.20, 00.20 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 00.40 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 21.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 22.30 «MY LOVE - АЙСУЛУ» Х/Ф. 01.00 Д/Ф. 02.45 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.50 АҒЫЛДАСТАР. 06.30, 00.50 Д/Ф 07.20 АҚПАРАТ. 07.40 КОНЦЕРТ. 09.00 АҚСАУЫТ. 09.25, 01.35 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.00, 14.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 12.45 «MY LOVE - АЙСУЛУ» Х/Ф. 15.00 М/Ф. 16.45 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 23.45 АПТА. 20.50, 00.35 АҚОРДА. 21.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 22.20 «МАХАББАТ БЕКЕТІ» Х/Ф. 02.05 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 10 ақпан	Сейсенбі, 11 ақпан	Сәрсенбі, 12 ақпан	Бейсенбі, 13 ақпан	Жұма, 14 ақпан	Сенбі, 15 ақпан	Жексенбі, 16 ақпан
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУБЫР. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУЫРЖАН ШОУ. 12.00 PRESIDENT. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ОТПУСК ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАННИО». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ӘЛЕУМЕТ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 «ПЕРЕКРЕСТОК» Т/С. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУБЫР. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУЫРЖАН ШОУ. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ОТПУСК ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАННИО». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУБЫР. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУЫРЖАН ШОУ. 12.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С « ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ТАЛҚЫ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУБЫР. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУЫРЖАН ШОУ. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С « ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУБЫР. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 11.30 БАУЫРЖАН ШОУ. 12.00 НЕОСЕТ. 12.15 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С « ВОЛКАМИ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ТАЛҚЫ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 07.00 «ҚОШ БОЛ, ГҮЛСАРЫ» Х/Ф. 09.00 ПРЕЗИДЕНТТІК РЕЗЕРВ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «КОРТИ ПО ИМЕНИ МОКО. ЗАЩИТНИКИ ПЛАНЕТЫ». 12.00, 21.45 «ВЫЗОВ», Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 15.30 АСЫЛ ДОМЫРА. 16.45 ТАМАША. 17.15 «ЛЮБОЙ ПРОБЛЕМА ШЕШЕМІЗ» Х/Ф. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 ОЙНАҚ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 07.00 «СУЛТАН БЕЙБАРЫС» Х/Ф. 09.15 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.45 М/Ф. 10.45 М/Ф «ПУШИСТЫЙ ШПИОН». 12.00, 23.15 «ГОРОД ЛЖИ» Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 15.30 ОЙНАҚ. 16.45 ТАМАША. 17.30 «БИТПЕЙТІН ТОЙ» Х/Ф. 19.00 КОНЦЕРТ. 21.00 7 КҮН. 21.45 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 10 ақпан	Сейсенбі, 11 ақпан	Сәрсенбі, 12 ақпан	Бейсенбі, 13 ақпан	Жұма, 14 ақпан	Сенбі, 15 ақпан	Жексенбі, 16 ақпан
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 04.00 ТАМАША CITY. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 Т/С «ПРОКЛЯТЬЕ БРАЧНОГО ДОГОВОРА». 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 П@УТИНА. 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 04.00 ТАМАША CITY. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 П@УТИНА. 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 04.00 ТАМАША CITY. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 П@УТИНА. 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00 ТАМАША CITY. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 П@УТИНА. 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 04.10 ТАМАША CITY. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ТАЙНЫ ГОРОДА М. СЛЕД КУНИЦЫ». 01.55 «П@УТИНА». 03.05 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 04.15 ТОЙ БАЗАР. 07.50, 02.55 «П@УТИНА». 09.30 ҚАЙМАҚ. 10.05 «УЛИКИ ИЗ ПРОШЛОГО. ЗАБЫТОЕ ЗАВЕЩАНИЕ» Х/Ф. 13.35 «ЧУЖИЕ И БЛИЗКИЕ», Х/Ф. 17.20 ТРИ АККОРДА. 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМЕН ЕЛ. 20.55 «УГОЛЬ», Х/Ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.00 ТОЙ БАЗАР. 08.05, 02.15 «П@УТИНА». 09.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.10 «ПУТЕШЕСТВИЕ С ДОМАШНИМИ ЖИВОТНЫМИ» Х/Ф. 11.05 Т/С «УЛИКИ ИЗ ПРОШЛОГО. ИНДИЙСКАЯ НЕВЕСТА» Х/Ф. 14.40 «ОПЕКУН» Х/Ф. 18.15 «СЕЗОН ПОСАДОК» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «УГОЛЬ» Х/Ф. 00.30 «ФАНТАСТИКА. СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ».

- Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.
- Тіл жеткізбесті ән жеткізбесті де бар.
Фабит МҮСИРЕПОВ.



